

6D010300-Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған Ережепов Талғат Тілеулесұлының «Болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыру» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысының

АНДАТПАСЫ

Зерттеудің көкейкестілігі. Жеке адам денсаулығы – қоғам байлығы. Қоғамдағы әрбір жеке адам өз денсаулығын сақтау және мықты болу жолдарын қарастыру қажет. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғаннан бастап және еліміздің қазіргі рухани жаңғыру жағдайында әрбір жеке адам өз денсаулығын сақтау туралы ұстанымды басшылыққа алып келеді. Қоғамдағы денсаулықты сақтау – бәсекеге қабілетті отыз елдің қатарына кіру міндетін жүзеге асыру жолындағы басты тірегі.

Қазақстан Республикасының «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаты – мемлекетіміздің әлеуметтік әл-ауқаты мен экономикалық өркендеуінің негізі ретінде азаматтардың денсаулығын сақтаудың тиімді және орнықты жүйесін дамытуды қамтамасыз етуді көздейді.

Еліміздің алғашқы Президентінің «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа жолдауында денсаулықты сақтауды мемлекет дамуының маңызды факторы ретінде айқындап берді. Сондай-ақ, қызметкердің денсаулығы үшін мемлекеттің, жұмыс беруші мен оның өзінің ортақ жауапкершілік алатын денсаулық сақтау жүйесін дамытудың негізгі қағидасын белгіледі.

ҚР «Білім туралы» Заңында: әрбір білім алушы мен тәрбиеленушінің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігінің бірі ретінде денсаулық сақтауды және білім беру ұйымдарында олардың денсаулығын нығайту, тән саулығын жетілдіру, салауатты өмір салтына ынталандыру жөніндегі қажетті шаралардың орындалуын қамтамасыз ету» - деп қарастырылады.

Денсаулық сақтау мәдениетінің аса қажеттілігі мен маңыздылығы басқа да мемлекеттік ресми құжаттардан айқын көрініс табады. Атап айтатын болсақ, *ҚР азаматтарының денсаулығын сақтау туралы Қазақстан Республикасының Заңы (1997), ҚР мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы (2013) ҚР «Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы», «Қазақстан – 2020: Болашаққа жол» мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы және т.б.*

Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасының мақсаты – бұқаралық спорт пен жоғары жетістіктер спортын қарқынды дамытудың біріктіруші көзі және басты қозғаушы күші ретінде ұлттың спорттағы әлеуетін жұмылдыруға бағытталған дене шынықтыру мен спорт саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімді моделін қалыптастыруды көздейді. Бұл спорттың гуманистік бағыты

тұжырымдамасы мен шығармашыл тұлғаның дамуына толықтай қатысы бар өте маңызды аспектілерді қамтиды. Біздің пікірімізше, жоғары оқу орнындағы сабақтарды болашақ педагогтардың денсаулығын нығайтатындай етіп қана емес, сонымен бірге олардың денсаулығын сақтау мәдениетін қалыптастыратындай етіп ұйымдастыру қажет.

«Қазақстан – 2020: Болашаққа жол» мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында бірқатар маңызды міндеттер жоспарланған:

- Білім беру ұйымдарындағы спорт залдарын кезең-кезеңмен жаңғырту;
- Спорттық мүкәммалмен, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында жарактандыру жөніндегі тетіктерді әзірлеу;
- Республикалық спорттық студенттік турнирлер мен жарыстар өткізу;
- Қазақстан Республикасының студенттік құрамасының Бүкіләлемдік қысқы және жазғы универсиадаларға қатысуын қамтамасыз ету;
- Бұқаралық спорт түрлері бойынша мектеп және студенттер лигаларын дамыту жөніндегі іс-шараларды іске асыру;
- Спорттық аула алаңдары базасында балалар мен жастар арасында спорттық іс-шаралар өткізу;
- Жастардың денсаулық орталықтарының қызметіне талдау жүргізу;
- Жастар ресурстық орталықтары мен жастар денсаулық орталықтары арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету. Бұл міндеттердің жүзеге асырылуы студент-жастардың денсаулықты сақтауы мен нығайтуының ұдайы жақсаруын қамтамасыз етуін көздейтінін байқауға болады.

Сондай-ақ, «Бүгінгі студент – ертеңгі маман» дегендей, заманауи болашақ педагог мамандығының бойына қажетті кәсіби және тұлғалық құндылықтары жайында «Педагогтың кәсіби стандартында» айқын көрсетілген. Осы құндылықтардың бірі – педагогикалық мәдениет болып табылады. Педагогикалық мәдениет – педагогикалық іс-әрекет жүйесіндегі мұғалімнің жалпы мәдениетінің маңызды бөлімі. Осыған орай, болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениеті – педагогикалық мәдениеттің бір бөлігі ретінде қарастырылады. Олай болса, болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениеті – олардың педагогикалық әрекеті, қарым-қатынасы және еңбегі арқылы жүзеге асырылады. Денсаулықты сақтау мәдениетін жүзеге асыру – денсаулықты сақтауға бағытталған педагогикалық, психологиялық, физиологиялық, медициналық, әлеуметтік-экономикалық, саяси және басқада шаралардың жиынтығынан тұрады. Ал бұл мәселе – күрделі, әрі кешенді жүйе болғандықтан, оны бірнеше ғылымдардың өзара бірігуінің нәтижесінде талдауды, яғни синергетикалық тұғыр тұрғысынан қарастыруды қажет етеді.

Сонымен қатар, *болашақ педагогтарды даярлаудың мазмұны туралы отандық жетекші педагогикалық жоғары оқу орындардың бірі – Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің стратегиялық бағдарында жоспарланып, нақты көрсетілген. Мәселен, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті 2025 жылға қарай – ТМД елдері бойынша педагогикалық білім беру саласында көшбасшы, XXI ғасыр*

мұғалімдерінің ұстаханасына айналады. Педагогика, оқыту әдістемесі және технологиялар саласындағы озық зерттеулердің нәтижелерін үздік білім беру бағдарламаларына еңгізе отырып, Университет мұғалім мамандығының беделін арттырады. Ел дамуының қуатты қозғаушы күшіне айналады.

Педагогика және психология ғылымдарының зерттеулеріне, ғылыми тәжірибеде жинақталған мұраға талдау жасау көрсеткендей, «Мәдениет – жас ұрпаққа өз бетінше шешім қабылдау қабілетінің, өз алдына әрекет ету дағдыларының қалыптасуына, оның жан-жақты дамуына септігін тигізеді». Білім беру жүйесінде денсаулықты сақтау мәселесі мәдениетті қалыптастырумен ұштасады. Сондықтан денсаулық сақтауды мәдениеттің бір бөлігі және құндылықтарға қол жеткізудің құралы, әрі білім беру процесінің негізі ретінде қарастыруға болады.

Болашақ педагогтар өзінің өмір салттарын, іс-әрекеттерін мақсатты түрде таңдаушы, әрі өзгертуші және денсаулығын сақтау мәдениетіне деген көзқарастарын өзгерте алатын, қайта қарай алатын оқу процесінің субъектілері ретінде қарастырылады. Болашақ педагогтардан талап етілетін негізгі мақсат – денсаулықты оның физиологиялық, психологиялық және өзіндік деңгейінде басқарудың негізгі заңдылықтарын білу, денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастырудың мүмкіндіктерін меңгеру. Ғылыми-педагогикалық зерттеулерге, жоғары оқу орнындағы оқу бағдарламалары мен оқу үрдісіне жүргізілген сараптамалар көрсеткендей, бүгінгі таңда болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетіне қатысты көзқарастарын қалыптастырудың мазмұны, құрылымы мен деңгейі дене тәрбиесі пәні арқылы жүзеге асырылады, ал мұның өзі оның жеткіліксіз екендігін аңғартады.

Саламатты Қазақстанның ертеңі – болашақ жастардың қолында болғандықтан, олардың денсаулығын сақтау мәдениеті еліміздің сандық өсімі мен ұлттық санасын рухани жаңғыртуды анықтайды. Спортпен үнемі айналысу, ұлттық сананың рухани жаңғыруы, білімнің салтанат құруы, рухани болмысты шыңдау – осының барлығы ұрпақ денсаулығын сақтауға қызмет ететін қажетті әрекеттер. Ал мұны жүзеге асыру – жастардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыру ең алдымен әлеуметтік институттар мен білім беру мекемелеріне жүктелетіні белгілі. Сондықтан, қазіргі таңда Қазақстанның жоғары білім беру мекемелеріне өзгермелі заманға тез бейімделе алатын, іскер, бәсекеге қабілетті, кәсіби мамандарды даярлау басты талап етіп қойылған.

Денсаулық сақтау мен оны қалыптастыру мәселелерінің Ұлттық орталықтың денсаулыққа байланысты статистикасына жүгінсек: «Жастардың 40%-ы – темекі тартады, 39%-ы – ішімдікті пайдаланады, 17%-ы – есірткі заттарымен, 41%-ы жыныстық қатынасқа ерте тәуелді», - деп көрсетеді. Осыған орай жыныстық аурумен ауыратындар санының өсіп отырғандығы байқалады.

Қазақстанның рухани жаңғыруы жағдайында денсаулық сақтау мәдениеті – ұлттық идеяға да айналуы тиіс мәселе. Өйткені, қазақ халқының даму тарихында бұл идеяны жүзеге асырудың негізі болатындай

Қазақ хандығы тұсында өмір сүрген белгілі ойшыл Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баяны», Кұртқа Сұлтанқожаұлының тәлімдік мұрасы, ұлттың генетикалық тазалығын сақтау үшін жеті атаға дейін қыз алыспауға тиым салған «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» заңдары және Тәуке ханның «Жеті жарғысы».

Саламатты Қазақстанның рухани жаңғыру жағдайында ұлттық идеяға айналатындай денсаулықты сақтау мәдениеті бүгінгі күні жан-жақты қарастырылуда. Педагогика және психология ғылымдарында бұл мәселе аймағында ерекше назар аударатын көптеген ғылыми-зерттеулер жүргізілуде. Оларды ғылыми тұрғыда жүйелей келе, мынадай бағыттарын атап айтуға болады:

- Тұлғаның денсаулығын сақтау мәдениетін арттыру, оларды рухани және тәндік тұрғыдан жетілдіру мәселелері (Ш.Уалиханов, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев және т.б.);

- Оқу-тәрбие үрдісінде тұлғаның адамгершілік қасиетін дамыту мәселелерін зерттеу (Ж.Ж.Руссо, Д.Локк, Я.А.Коменский, И.Г.Песталоций, А.Дистервег);

- Денсаулықты сақтауға байланысты оны ұйымдастырудың практикалық шаралары, әдістемелік ұсыныстары (П.Ф.Лесгафт, А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинский, В.В.Марков, В.М.Бехтерев, В.А.Фармаковский және т.б.);

- Денсаулықты сақтау мәдениетін философия, мәдениеттану мен әлеуметтану ғылымы тұрғысынан (Л.Н.Арутюнян, Г.Л.Апанасенко, Л.Н.Каган, Э.С.Маркарян, Ю.Б.Бромлей, И.Т.Левкина, Р.В.Рыбкина, Т.Ж.Нақыпбеков және т.б.);

- Болашақ педагогтардың бойында кәсіби педагогикалық мәдениет және құндылық бағдар негіздерін қалыптастыру (А.П.Сейтешев, К.Б.Сейталиев, А.А.Бейсенбаева, Ш.Т.Таубаева, Р.К.Толеубекова, Г.К.Нұрғалиева, С.С.Тілеуова және т.б.);

- Оқу-тәрбие үрдісінде жастардың денсаулықты сақтау мәдениетін адамгершілік және эстетикалық құндылықтар арқылы қалыптастыру (А.Каплиева, Б.Қ.Мұхаммеджанов, Г.Ж.Нұрышева, Ж.Торыбаева, А.Әліпбек және т.б.);

- Денсаулықты сақтау мәдениетін тарихи және халықтық педагогика тұрғысынан зерттелуі (С.Ғаббасов, Ж.Ембергенова, Э.Құрманалиева және т.б.);

- Валеология ғылымын теориялық және әдістемелік тұрғыда зерттеу мәселелері (Н.М.Амосов, И.И.Брехман, М.Г.Колесникова, Л.Г.Татарникова, Р.И.Айзман, В.Ф.Базарный, Э.Н.Вайнер, В.В.Колбанов, Э.М.Казин, А.С.Иманғалиев, А.Ақанов, Ж.Ж.Нұржанова және т.б.);

- Болашақ педагогтардың бойындағы денсаулықты сақтау мәдениетінің психо-физиологиялық аспектілері (Ш.Ә.Тулбаева, Т.Қ.Игисинов, И.В.Мордвинцева және т.б.).

Жоғарыда талданған денсаулықты сақтау мәдениетіне қатысты мемлекеттік бағыт-бағдар берілген құжаттарға шолу жасау негізінде

келесідей: жас ұрпақтың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыруды, оны дұрыс жүйеде ұйымдастырып, басқара білу, өмір салтын ұстануға дайындығы, өмірде кездесетін әр түрлі жағдайларға толық дайындалған, өз бетінше дұрыс шешім қабылдап, іс-әрекет ете алатын тұлғаны қалыптастырудың ең маңызды көрсеткіштерінің бірі деп айтуға негіз болатындай қорытындыны ұсынамыз. Бұл қоғам дамуының көрсеткіші ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік-мәдени, рухани құндылық болып саналатын денсаулықты сақтау мәдениеті – негізінен денсаулықты күтуге, ары қарай дамытуға, оны қалыптастыруға байланысты екендігінің дәлелі.

Қарастырылған жұмыстар бүгінгі таңда болашақ педагогтардың денсаулықты сақтауын құндылықтар тұрғысынан біркелкі зерттелгенін айқындайды. Алайда, біздің зерттеуіміздің өзегі – жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісінде студент-жастардың, яғни болашақ педагогтардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыру мәселесін зерттеу қажеттігін айқындайды. Бұл жоғары оқу орны қабырғасында студенттік кезеңде болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыру қажеттілігі мен бұл мәселенің теориялық тұрғыда жеткілікті дәрежеде зерттелмегендігі және ғылыми-әдістемелік жағынан қажетті деңгейде қамтамасыз етілмегендігі арасында **қайшылық** бар екендігі байқалады. Осындай қайшылықтың шешімін ғылыми тұрғыда іздестіру зерттеу мәселесін анықтауға және жұмысымыздың тақырыбын **«Болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыру»** - деп таңдап алуымызға негіз болды.

Зерттеу нысаны: жоғары оқу орындарындағы педагогтарды даярлау жүйесі.

Зерттеу пәні: болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыру үдерісі.

Зерттеудің мақсаты: Болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыру үдерісін ғылыми тұрғыда негіздеп, әдістемесін жасау.

Зерттеу болжамы: *Егер* болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастырудың қызметтік-үдерістік моделі мен әдістемесі жасалып, практикаға ендірілсе, *онда* олардың денсаулықты сақтау мәдениеті жоғары деңгейде қалыптасады, *өйткені* ұсынылған модель мен әдістеме педагог мамандарды кәсіби-педагогикалық даярлаудың теориялары мен тұжырымдамаларына негізделеді.

Зерттеудің міндеттері:

- денсаулықты сақтау мәдениеті мәселесінің кілтті ұғымдарының мәнін және оның тарихи-педагогикалық алғышарттарының мәнін ашып көрсету;
- денсаулықты сақтау мәдениеті мәселесін зерттеудің әдіснамалық тұғырлары мен теориялық негіздерін анықтау;
- болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетінің қалыптасуына әлеуметтік желілер мен заманауи ақпараттық құралдардың ықпалын айқындау;

- болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастырудың қызметтік-үдерістік моделін жасау;

- *оқу-тәрбие үрдісінде «Денсаулықты сақтау мәдениеті – Қазақстанның рухани жаңғыру жағдайындағы ұлттық тәрбиенің тірегі» тәжірибелік жобасының мазмұнын жасау және әдістемесінің тиімділігін эксперимент жүзінде тексеру.*

Жетекші идея. Болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыру студент жастарға рухани жаңғыру жағдайында ұлттық тәрбие мен білім берудің басты шарты болып табылады.

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері. Тарихи-қоғамдық заңдылықтар дамуын ашатын философиялық қағидалар, жеке тұлғаның қалыптасуы туралы қағидалар, синергетикалық, валеологиялық, мәдениеттанушылық тұғырлар, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың өзара бірлігі туралы тұжырымдамалар. Қоғамдағы студент – болашақ маман факторының орны және денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастырудың әлеуметтік себептері, жастардың бойында денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастырудағы ертедегі қазақ халқының көрнекті тұлғаларының, педагогтардың, психологтардың, этнографтардың, философтардың, тарихшылардың, дәрігерлердің, өнертанушылардың көзқарастары, тұжырымдары, этнопедагогика зерттеулері.

Зерттеу көздері. Ертедегі және қазіргі қазақ және шетел ғалымдарының – тарихшылардың, философтардың, этнографтардың, педагогтардың жазушылардың, психологтардың, өнертанушылардың, қазақ халқының бойында денсаулықты сақтау мәдениеті туралы еңбектері, мұрағат құжаттары. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасы, Педагогтың кәсіби стандарты, Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы, Қазақстан Республикасының заңдары; Білім беру министрлігінің білім және тәрбие беру жөніндегі тұжырымдамалары, педагогтар мен психолог ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстары, сондай-ақ автордың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастырудағы жеке тәжірибесі.

Зерттеу әдістері. Зерттеу мәселесіне байланысты, философиялық, педагогикалық, психологиялық және әдістемелік еңбектерге теориялық талдау, Қазақстан Республикасының ресми материалдарын талдау, студент-жастар арасында сауалнама, жоғары оқу орнының оқу-тәрбие процесін педагогикалық бақылау, эксперимент, оның нәтижелеріне баға беру, жиналған материалдарды өңдеу және сараптау.

Зерттеудің негізгі кезеңдері

Бірінші кезең (2015-2016ж.ж.) мәселенің теориялық тұрғыда зерттелуіне арналды. Зерттеу мәселесі бойынша еңбектерімен танысу, денсаулықты сақтау мәдениетін зерттеу, материалдар жинақтау, тұжырымдау, арнайы әдебиеттерге, құжаттарға талдау жасау, ғылыми аппаратты айқындау.

Екінші кезеңде (2016-2017ж.ж.) оқу жоспарлары, бағдарламалар, оқу пәндері және әдістемелік әдебиеттер талданып, денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыруға арналған оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың тиімді түрлері айқындалды, әдістемелік нұсқаулар жасалды.

Үшінші кезеңде (2017-2018ж.ж.) денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыруға байланысты эксперимент жұмыстары бойынша педагогикалық ой-пікірлер жүйеге келтірілді.

Төртінші кезеңде (2018-2019ж.ж.) әдістеменің тиімділігі тексеріліп, нәтижелері диссертация мазмұнына енгізілді және қорытындыланып, ұсыныстар берілді.

Зерттеу базасы. Тәжірибелік-эксперимент жұмысы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті факультеттерінің I, II, III, IV курстарына өткізілді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәні:

1. Денсаулықты сақтау мәдениеті мәселесінің кілтті ұғымдарының мәні және тарихи-педагогикалық алғышарттары ғылыми тұрғыда негізделді;

2. Денсаулықты сақтау мәдениеті мәселесін зерттеудің әдіснамалық тұғырлары мен теориялық негіздері нақтыланды;

3. Болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетінің қалыптасуына әлеуметтік желілер мен заманауи ақпараттық құралдардың ықпалы айқындалды;

4. Болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастырудың қызметтік-үдерістік моделі даярланып және оның компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері анықталды;

5. *Оқу-тәрбие үрдісінде «Денсаулықты сақтау мәдениеті – Қазақстанның рухани жаңғыру жағдайындағы ұлттық тәрбиенің тірегі» тәжірибелік жобасының мазмұны және оны жүзеге асыру жолдарының тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жүзінде тексерілді.*

Зерттеудің практикалық мәнділігі

- болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыруда «Денсаулықты сақтау мәдениеті – Қазақстанның рухани жаңғыру жағдайындағы ұлттық тәрбиенің тірегі» тәжірибелік жобасы;

- болашақ педагогтарға және мектеп мұғалімдеріне арналған «Денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыру технологиялары» атты танымдық үйірме;

- жоғары оқу орындарында «Педагогика және психология» мамандығын кәсіби даярлауға арналған «Денсаулықты сақтау психологиясы» атты элективті курсы;

- «Дене шынықтыру» және «Жас ерекшеліктер физиологиясы және мектеп гигиенасы» пәндері бойынша студенттердің өзіндік жұмыстары.

Зерттеу материалдарын жоғары және арнайы оқу орындарының оқу-тәрбие үрдісінде, жалпы білім беретін мектептерде, сыныптан тыс тәрбие жұмыстарында пайдалануға болады.

Қорғауға мынадай қағидалар ұсынылады:

1. Денсаулықты сақтау мәдениеті ұғымын зерделеудің тарихи-әлеуметтік негіздемелері;
2. Денсаулықты сақтау мәдениеті мәселесін зерттеудің әдіснамалық тұғырлары мен теориялық негіздері;
3. Болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетінің қалыптасуына әлеуметтік желілер мен ақпараттық құралдардың ықпалы;
4. Болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастырудың қызметтік үдерістік моделі, «Денсаулықты сақтау мәдениеті – Қазақстанның рухани жаңғыру жағдайындағы ұлттық тәрбиенің тірегі» тәжірибелік *жобасының мазмұны*.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі. Зерттеудің мақсаты мен міндеттерінің ғылыми аппаратқа сай болуымен, зерттеу әдістерінің, тәжірибе-эксперимент жұмыстарының жоспарлы және жүйелі іске асуымен, ұсыныстардың жалпы білім беретін мектептердің, орта және жоғары оқу орындарының іс-тәжірибелеріне енгізілуімен, сондай-ақ зерттеудің негізгі мәселелері мен нәтижелері ғылыми-практикалық конференцияларда талқылануымен қамтамасыз етіледі.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және іс-тәжірибеге ендіру:

Зерттеудің негізгі қағидалары ғылыми баяндама түрінде ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған журналдарда және Scopus базасына енген шетелдік басылымдарда, халықаралық конференциялар жинақтары материалдарында жарық көрді. Сонымен қатар, Абай атындағы ҚазҰПУдың 2018-2025 жж. стратегиялық жоспарына сәйкес, болашақ педагогтардың денсаулығын сақтауға бағытталған іс-шаралар (денсаулық күндері, спартакиадалар ұйымдастырылды).

Диссертацияның құрылымы: Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Кіріспе бөлімінде зерттеудің көкейкестілігі, ғылыми аппараты, мақсаты, объектісі, пәні, міндеті, болжамы, әдіснамалық негіздері, зерттеудің кезеңдері, зерттеудің ғылыми жаңалығы, практикалық мәнділігі, зерттеу базасы, қорғауға ұсынылатын қағидалары сипатталады.

«Болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастырудың тарихи- педагогикалық және әдіснамалық негіздері» атты бірінші бөлімде: Денсаулықты сақтау мәдениеті мәселесінің кілтті ұғымдарының мәні мен оның тарихи-педагогикалық алғышарттарының мәні ашып көрсетілді. Денсаулықты сақтау мәдениеті мәселесін зерттеудің әдіснамалық тұғырлары мен теориялық негіздері анықталды.

«Болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастырудың теориялық негіздері мен заманауи тәсілдердері » атты екінші бөлімде: Болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетінің қалыптасуына әлеуметтік желілер мен заманауи ақпараттық құралдардың ықпалы айқындалды. Болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастырудың қызметтік-үдерістік моделі жасалынды.

«Болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастырудың әдістемесі» атты үшінші бөлімде: Болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыруда оқыту үрдісінің мүмкіндіктері айқындалды. Оқу-тәрбие процесінде «Денсаулықты сақтау мәдениеті – Қазақстанның рухани жаңғыру жағдайындағы ұлттық тәрбиенің тірегі» тәжірибелік *жобасының мазмұны* жасалынды және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыста тексерілді.

Қорытындыда – болжамды дәлелдеп, нақтылайтын зерттеудің нәтижелері мен тұжырымдары мазмұндалды, зерттелген мәселенің болашақта зерделенетін бағыттары көрсетіліп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілді.

Қосымшада ғылыми-зерттеу жұмысында қолданылған сабақ талдамалары, бағдарлама, элективті курстың оқу-әдістемелік кешені; сауалнамалар берілген.